

In accordance with the main directions of ensuring food security and summarizing the individual indicators of the effectiveness of public policy implementation for each of them it was possible to group them into more general.

Literature:

1. Moldasheva A.B. AIC Kazakhstan: problems of development and search for their solution // Problems of Agro–market № 3, 2016, pp.3 – 17.
2. Aitkazina MA, Karshalova AD Features of financing of the agro–industrial complex of the Republic of Kazakhstan // Problems of the Agro – market №3, 2017, 66 – 72.
3. Aldanish A. Nurumov, Baglan T. Aimurzina State financial support for the development of the agro – industrial complex of the Republic of Kazakhstan // Actual problems of economics, № 2, 2014, pp – 87 – 93.
4. Ibraimova S., Satymbekova K., Kerimbek F., Esbolova A., Imanbaeva Z. Strategies for the development of small business in the Republic of Kazakhstan in the crisis period // Reports of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan № 1, 2018, pp.70 – 80.
5. Korbut A.V. Food security of the population of Russia: state, trends, problems / A. V. Korbut // Analit. Vestn. Federation Council of the Russian Federation. – 2002. – No. 26 (182). – P. 4 – 17.
6. Bogdanovich V.Yu. A systematic approach to the study of national security problems of the state. Yu. Bogdanovich // Vestn. NAGU. – 2006. – No. 1. – P. 90 – 98.
7. Khorunzhiy M. I. Food security: socio – economic essence, condition and indicators / M. I. Khorunzhiy // Economics of the AIC. – 2003. – No. 6. – P. 146 – 152.
8. The law of the Republic of Kazakhstan of May 19, 2015 No. 314 – V «About the minimum social standards and their guarantees» (with changes and additions as of 1/1/2018).
9. Internet source: The website of Committee on MNE RK statistics. <http://stat.gov.kz> «Consumption of food in households of the Republic of Kazakhstan for 2016». The statistical collection of Committee on MNE RK statistics.
10. The order of the Minister of national economy of the Republic of Kazakhstan of December 9, 2016 No. 503 «About the approval of evidence – based physiological norms of consumption of food».

ӘОЖ 336

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ВЕНЧУРЛЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Абдрахманова Н.Б.

*(з.ғ.м., М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, экономика және есеп кафедрасы
аға оқытушысы, Петропавл қ., nursuli@mail.ru)*

Абдулова О. С.

*(экономика магистрі, экономика және есеп кафедрасы аға оқытушысы, М. Қозыбаев
атындағы СҚМУ, Петропавл қ.)*

Баймолдин Ж. Б.

(магистрант, қаржы академиясы АҚ, Астана қ., baimuldin.zhenys.1980@mail.ru)

Андатпа

Мақалада венчурлық капиталдың теориялық негіздері қарастырылған, Қазақстан Республикасында компаниялардың венчурлық инвестициялауының жағдайын, әсіресе ғылыми – зерттеу және тәжірибелік – конструкторлық жұмыстар жағдайын, ҚР кәсіпорындары инновациялық қызметінің жағдайын талдау, ҚР венчурлық инвестициялау нарығын және венчурлық кәсіпорындардың қаржыландыру мәселелерін талдауға талпыныс жасалған. Венчурлық инвестициялау және венчурлық капиталдың негізгі мәселелері анықталған.

Түйінді сөздер: венчурлық капитал, венчурлық қаржыландыру, венчурлық инвестициялау, ҒЗТҚЖ.

Аннотация

В статье рассмотрены теоретические основы венчурного капитала, сделана попытка провести анализ состояния венчурного инвестирования компаний в Республике Казахстан, в особенности провести анализ состояния НИОКР как основного источника развития венчурного инвестирования, анализ состояния инновационной деятельности предприятий РК; проанализирован рынок венчурного инвестирования в РК и финансирования венчурных предприятий. Выявлены основные проблемы венчурного инвестирования и венчурного капитала.

Ключевые слова: венчурный капитал, венчурное финансирование, венчурное инвестирование, НИОКР.

Annotation

The article considers the theoretical foundations of venture capital, an attempt was made to analyze the state of venture investment of companies in the Republic of Kazakhstan, in particular, to analyze the state of R&D as the main source of development of venture investment, analysis of the state of innovative activity of enterprises of the Republic of Kazakhstan; the market of venture investment in the Republic of Kazakhstan and the financing of venture enterprises are analyzed. The main problems of venture investment and venture capital are revealed.

Key words: venture capital, venture financing, venture investment, R&D.

Кіріспе

Қазіргі жағдайда ел экономикасының алдында инвестиция көлемін жоғарылатып, экономикалық өсуді қамтамасыз етіп, инвестициялық салымдардың нәтижелілігіне қол жеткізу басты міндеке айналып отыр. Бірақ та айта кететін жайт, қазақстандық компаниялардың кеңейтілген ұдайы өндірісті қамтамасыз ету үшін капиталдың меншікті қайнар көздерінің жетіспеушілігі басты мәселе. Осыған байланысты венчурлық қаржыландыру арқылы ресурстарды тартып, оларды тиімді пайдалану мәселесі өзекті болып келеді.

Қазіргі заманда венчурлық қаржыландыру мәселесіне қатысты зерттеулердің бар болуына қарамастан, біздің ойымызша, жаңа көзқарастар тұтас жүйленген теорияға негізделмеген, мониторинг, эмпирикалық материалды өндеу кезеңінде қалыптасқан.

Қазақстанның 30 дамыған елдер қатарына қосылу тұжырымдамасында болашақ жұмыстардың ұзақ мерзімді басымдықтары анықталған, ал инновациялық индустриализация трендін нығайту маңыздысы ретінде айқындалған. Қазақстан Республикасы Президентінің «100 қадам» бағдарламасында [1] өндіріске инновацияларды енгізу және оларды қаржыландыруға назар аударылған, яғни елбасымен инновацияларды венчурлық қаржыландыруды дамыту мандеті қойылып, инновациялық дамуды қаржыландырудың қайнар көздерін іздестіру мәселесі анықталған. Жоғарыда аталғандарды барлығы зерттеу тақырыбының өзектілігін анықтайды.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында венчурлық қаржыландыру, венчурлық капиталдың теориялық негіздері қарастырылған, Қазақстан Республикасында венчурлық қаржыландыру жағдайы, венчурлық қаржыландыруды дамытудың негізгі көзі ретіндегі ҒЗТҚЖ жағдайы талданған, шетелдік тәжірибемен салыстыру жүргізілген, сондай ақ, венчурлық қаржыландыруды дамытудың көзі ретінде бизнес – инкубаторлардың мәселесі қарастырылған. Нәтижесінде, мақаланы жазу барысында әдебиетті талдау, отандық және шетелдік тәжірибені зерттеп, жалпылау, салыстыру, синтез, жалпылау әдістері қолданылған.

Венчурлық қаржыландыру тікелей «Венчурлық капитал» түсінігімен байланысты. «Венчурлық капитал» түсінігіне көптеген анықтамалар түрлі авторлармен берілген. бірақ та бірінғай негізделген түсініктеме берілмеген. А.Т. Каржаува және А.Н. Фоломьёваның «Венчурлық инвестициялаудың ұлттық жүйесі» атты еңбегінде берілген кесте мұның анық дәлелі болып табылады [2].

Түрлі авторлармен келтірілген венчурлық капитал категориясына сипаттамаларды қарастыруды жөн санадық.

Венчурлық капитал – бұл бастапқы дамуы, кеңеюі және трансформациялануындағы өсуінің әлеуетін көрсететін жеке кәсіпорындарға инвестициялайтын кәсіби фирмалардың акционерлік капиталы [3.Б.8].

Венчурлық капитал – бұл ғылыми – техникалық дамуға құйылған тәуекелді капитал және инвестиция; компанияның іске қосылуы, дамуы, сеншіктің қайта құрылымдануы кезінде инвестордың өтемің төлеп алуын қаржыландыру үшін қолданылатын экономикалық инструмент [4.Б.1].

Венчурлық капитал – бұл биржада бағасы белгіленбеген акциялары бар кәсіпорындарды инвестициялаудың кең спектрін айқындайтын жалпы термин [5.Б.1].

М. Бунчуктің көзқарасы бойынша венчурлық капитал – бұл қор нарығында компания акцияларын тіркегеннен кейін жоғары пайда алу мақсатында жаңа және тез өсіп келе жатқан компаниялардың акцияларына инвестицияланатын ұзақ мерзімді, тәуекелді капитал [6. Б.1].

А.Н. Фоломьёв, М. Нойберт М. пікірінше венчурлық капитал – қаржылық және адами капиталдың бірлігін көрсететін ерекше ресурс, сондықтан бұл ресурс инновациялық және инвестициялық қызмет дамуы арқылы шаруашылық жүйелердің іскерлік белсенділігіне әсер етудің синергетикалық нәтижесіне ие [7.Б.34].

П. Гулькиннің айтуынша, венчурлық капитал – бұл жарғылық капиталдың үлесіне немесе акциялардың белгілікті пакетіне ақшалай қаражаттардың белгілі бір көлемін ауыстыру арқылы нақты бизнестің өсуіне ықпалын тигізуші капитал. Компанияға қаражат құюшы инвестордың қаржыландыру нысаны кепілді жоғалтуға тәуекел [8. Б.8].

Түсіндірме сөздікте келесі анықтама берілген: Венчурлық капитал – қызметін жаңа бастаған, жаңа құрылған немесе қиын жағдайға ұшыраған компанияның немесе компанияларды қаржыландырудың қайнар көзі. Венчурлық инвестициялар жоғары тәуекелділікке ие, бірақ сонымен бірге біруақытта табыс алу болашағы – орташадан жоғары [9.Б.145].

Л.И. Щербакованың пікірінше венчурлық капитал – бұл банктік және өнеркәсіптік капиталдан ажырататын бірқатар ерекшеліктермен сипатталатын шағын фирмалардың инновациялық жобаларын қаржыландыратын тәуекелді капитал [10. Б.20].

Сонымен, венчурлық бизнес жетістік және кепілмен қамтамасыз етілмеген тәуекелді бизнес деп айтуға болады. Бірақ тиімді және оңтайлы басқаруды жүзеге асырғанда ел экономикасы дамуының негізіне айналатын табысты бизнес болып келеді. Жалпы алғанда венчурлық капитал кәсіпорынға салынатын қаражат жиынтығы.

Зерттеу әдістері

Венчурлық кәсіпорын қолданбалы ғылыми зерттеулер мен ізденістермен, жобалық – конструкторлық қызметпен, техникалық жаңалықтарды енгізумен айналысатын шағын кәсіпорын. Венчурлық жобалар бойынша кәсіпорынның қызметі келесілерден тұрады:

– жаңашыл идеяларды әзірлеу бойынша ғылыми – зерттеу және тәжірибелік – құрастырымдық жұмыстарды, лабораториялық зерттеулерді жүргізу, өнімнің, техниканың жаңа түрлерін даярлау;

- жаңа өнімді даярлаудың технологиялық процесін әзірлеу;
- өнімді шығаруға қажетті жаңа техниканың үлгісін жобалау, әзірлеу, сынақтан өткізу және игеру;
- жаңашыл өнімді өткізуге бағытталған ұйымдастырушылық – басқарушылық шешімдерді әзірлеу және енгізу;
- қажетті ақпараттық ресурстар мен инновацияларды ақпараттық қамтамасыз етуді зерттеу, әзірлеу және сатып алу;
- лицензиялау, патенттеу, ноу – хауды сатып алу бойынша қажетті құжаттарды алу және жұмыс жүргізу;
- инновацияларды өткізу бойынша маркетингтік зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу және т.б.


Ел экономикасының дамуына венчурлық бизнестік ықпал етуі сөзсіз болғандықтан, жалпы мемлекет ғылыми – зерттеу және тәжірибелік – құрастырымдық жұмыстарға үлкен көңіл бөлуі қажет.

Зерттеліп отырған кезең аралығында Қазақстан Республикасының ЖІӨ 2012 жылдағы 31015,20 млрд. тенгеден 2016 жылы 46193,4 млрд. тенгеге дейін немесе 48,9 % жоғарылаған (кесте 1). Ғылыми – зерттеу және тәжірибелік – құрастырымдық жұмыстарға шығындалған қаражат 2012 жылы 51253,1 млн. тенгені құраса, 2016 жылы 66600,1 млн. тенгені құраған. ҒЗТҚЖ – ға кеткен ішкі шығындардың үлесі 2012 – 2015 жылдар аралығында шамамен бір деңгейде қалыптасса, 2016 жылы төмендегені байқалады 0,17 % дан 0,14 % – ға дейін [11].

Кесте 1 ҚР ЖІӨ және ҒЗТҚЖ – ға ішкі шығындардың үлесі

Көрсеткіштер	2012	2013	2014	2015	2016
ЖІӨ, млрд. тг	31015,20	35999,00	39675,80	40884,1	46193,4
ҒЗТҚЖ – ға ішкі шығындар, млн. тг	51253,1	61672,7	66347,6	69302,9	66600,1
ҒЗТҚЖ – ға ішкі шығындардың ЖІӨ – гі үлесі, %	0,16	0,17	0,17	0,17	0,14

Венчурлық капитал ең бастысы дамушы компанияларға инвестициялауда маманданады, ал бұл ҒЗТҚЖ қаржыландырудың бір түрі деп айтуға да болады. Төмендегі 1 Суреттен көрініп тұрғандай ЖІӨ – ң, өнеркәсіптік өндіріс көлемінің өсуіне қарамастан ҒЗТҚЖ – ға бөлінген ішкі шығындар, өнеркәсіптік өндірістегі инновациялық өнім үлесінің, ҚР ЖІӨ – гі инновациялық өнім өндірісі үлесінің төмендеуі байқалады.



Сурет 1 ҚР ЖІӨ және өнеркәсіптік өндірістің жалпы көлеміндегі инновациялық өнімнің үлесі

ҒЗТҚЖ дамуына, біздің ойымызша, ғылымның жағдайы тікелей әсір етеді, себебі ғылымның қатысуынсыз венчурлық бизнес пен инновациялардың жетілуі мүмкін емес. Сондықтан ғылым жағдайы мен дамуының негізгі көрсеткіштерін зерттеу орынды болып келеді. 2 Кестеден көрініп тұрғандай ҒЗТҚЖ айналысатын ұйымдар (кәсіпорындар), қызметкерлер саны 2012 – 2014 жылдар аралығында жоғарылауы байқалса, 2015 – 2016 жылдары төмендеген. Бірақ та қызметкерлер санының қысқаруына қарамастан сапалық құрамы жағынан нығайғанын байқаймыз. Яғни, тікелей ғылыми – зерттеу жұмыстарымен айналысатын доктор, кандидат, PhD философия докторларының саны жоғарылаған.

Кесте 2 Ғылым жағдайы мен дамуының негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2012	2013	2014	2015	2016
ҒЗТҚЖ айналысатын ұйымдар (кәсіпорындар) саны, бірлік	345	341	392	390	383
Ғылыми – зерттеу жұмыстарымен айналысатын қызметкерлер саны, адам	20 404	23 712	25 793	24 735	22 985
соның ішінде:					
зерттеуші – мамандар	13 494	17 195	18 930	18 454	17 421
соның ішінде:					
ғылым докторлары	1 065	1 688	2 006	1 821	1 829
бейіні бойынша докторлары	719	605	596	549	509
PhD философия докторлары	131	218	330	431	462
ғылым кандидаттары	3 629	4 915	5 254	5 119	4 754
Экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамтылғандардың номиналды орташа айлық жалақысы, тенге					

Ғылыми зерттеулер мен ізденістер	148530	153567	171626	184940	–
Жоғарғы білім	102016	110017	117985	125944	133000

Келтірілген мәліметтерді зерттеу отыра, инновациялық, венчурлық қызметті қаржыландырудың төмен деңгейде қалыптасқанын тұжырымдай аламыз. Қазақстанның инновациялық белсенділігі бойынша ысырапқа ұшырау соншалықты, ғылымға бөлінген қаражаттардың 2016 жылы келтірілген үлесі 1992 жылдағы деңгейге жеткен жоқ, ал 1992 жылғы көрсеткіш дамыған елдердегі көрсеткіштен де біршама төмен еді (Кесте 3).

Кесте 3 Шетелдегі ҒЗТҚЖ – ға құйылған шығындар

Страна	Көрсеткіштер
Израиль	2012 ж. – 4,1%, 2016ж. – 4,3%
США	2012 ж. – 2,7%, 2016ж. – 2,8%
Япония	2012 ж. – 3,3%, 2016ж. – 3,3%
Финляндия	2012 ж. – 3,42%, 2016ж. – 2,9%
Швеция	2012 ж. – 3,3%, 2016ж. – 3,3%
Россия	2012 ж. – 1,7%, 2016ж. – 2,8%
Казахстан	2012 ж. – 0,14%, 2016ж. – 0,2%

Ғылымға қатысты мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттерінің бірі бұл қазіргі уақытта дамуға мүмкіндік беретін қаржылық шараларды іздестіру және жүзеге асыру болып табылады. Ал бұл мәселені шешудегі негізгі бағыт ретінде жеке меншік қаражаттарды тарту, мемлекеттік – жеке меншік серіктестікті дамытуды қолдануға болады, ол үшін қолайлы жағдайларды жасау басты міндетке айналуы қажет. Ал қазақстандық кәсіпорындар ҒЗТҚЖ – н айналысуға тырыспайды, жаңа өнім шығаруға, өндіруге қаражат құюға ынта білдірмейді. Өндіріс күштерін модернизациялаумен айналысатын кәсіпорындардың өзі бұл мәселені шешуге ат салыспай, толық аяқталған жобаларға, импорттық техника мен құрал – жабдықтардағы технологиялық шешімдерге үлкен бөледі.

Қазақстан Республикасында компанияларды венчурлық инвестициялаумен АҚ «Технологиялық даму жөніндегі Ұлттық агенттік» («ТДҰА» АҚ) айналысады. Жалпы алғанда бұл қоғам 5,1 млрд.тг. көлемінде 18 жобалық компанияны, 7,1 млрд.тг. көлемінде 13 венчурлық қорларды, солардың ішінде 5 шетелдік венчурлық қор, 8 отандық венчурлық қорларды қаржыландырды. Сонымен қатар, айта кететін жайт, венчурлық инвестициялау тәуекелділігі өте жоғары инвестициялар қатарына жатады. 4 кестеде венчурлық капиталды қаржыландыру бойынша мәліметтер келтірілген.

Кесте 4 Жарғылық капитал және қаржыландыру құрылымы

Қайнар көз	Жарғылық капитал құрылымы, млн. тг			Қаржыландыру құрылымы млн. тг	
	Салым	Салым түрі	Доля	бөлінді	освоено
«Жан Ами и К» ЖШС					
«ТДҰА» АҚ	128,3	ақша қаражаттары	49%	128,3	128,3

Серіктес	154,3	жер учәскесі, өндірістік құрал – жабдық, құрылыс материалдары, резервуарлар	51%	134,3	134,3
«GLOTUR DS MULTIMEDIA» АҚ					
«ТДҰА» АҚ	536	ақша қаражаттары	45,3	536	536
Серіктес	434	ақша қаражаттары	36,7	434	434
	214	ақша қаражаттары	18	214	214
«Павлодарский деревообрабатывающий комбинат» ЖШС					
«ТДҰА» АҚ	626,6	ақша қаражаттары	49%	626,6	626,6
Серіктес	652,2	ақша қаражаттары	51%	652,2	652,2
«Бизнес – Телеком LTD» ЖШС					
«ТДҰА» АҚ	63,7	ақша қаражаттары	49%	63,7	63,7
Серіктес	66,3	ақша қаражаттары және мүлік кешені	51%	66,3	66,3
«Строитель» ЖШС					
«ТДҰА» АҚ	166680	ақша қаражаттары	49%	166680	166680
Серіктес	91852	ақша қаражаттары	51%	91852	91852
«Kazakhstan Computers Graphics» ЖШС					
«ТДҰА» АҚ	31030	ақша қаражаттары	37,7%	31030	31030
Серіктес	29500	ақша қаражаттары	35,9%	29500	29500
	16053	ақша қаражаттары	19,5%	16053	16053
	5656	ақша қаражаттары	6,9%	5656	5656
«Фонд высоких технологий Аркет» АҚ					
«ТДҰА» АҚ	264,6	ақша қаражаттары	49%	264,6	264,6
Серіктес 1	97,2	ақша қаражаттары	18%	97,2	97,2
Серіктес 2	129,6	ақша қаражаттары	24%	129,6	129,6
Серіктес 3	48,6	ақша қаражаттары	9%	48,6	48,6
«Delta Technology» АҚ					
«ТДҰА» АҚ	1329,9	ақша қаражаттары	49,6%		
Серіктес	1373,9	ақша қаражаттары	50,4%		

Жоғарыда келтірілген кестедегі 13 жобалардың ішінде 7 жоба іске қойысылып, жүзеге асырылды, ал бұл 53,8 % құрайды, ал 6 жоба бойынша қылмыстық істер жүргізілуде, яғни бөлінген қаражаттар талан – таражға салынған. Келтірілген жобалардың ішінде жетістікке шетелдік жобалар жеткен, олар бойынша Агенттік табыс алуда [13].

Зерттеу нәтижелері

Сонымен, венчурлық инвестициялаудың және венчурлық бизнестің дамуына кедергі болушы келесі мәселелерді анықтауға болады:

- кәсіпорындардың инновациялық қызметін жаңашылықты енгізу және игеру құнының жоғары болуына, салымдардың ұзақ мерзімділігіне байланысты жеткілікті деңгейде қаржыландырылмауы;

- кәсіпорындардың ізденістерді қаржыландыруға меншікті қаражаттарының болмауы, ал сырттан қаржыны тарту мүмкіндігінің шектелгендігі;

- несие берушілердің ссудаларды қайтару және дивиденд алуы кепілінің болуы, себебі инновациялық қызмет инвестициялық қызметке қарағанда жоғары тәуекелділікке ие;

- құрал – жабдықтардың тозуы немесе болмауы салдарынан әзірлемелерді енгізу үшін кәсіпорындардың заманауи базасының болмауы. Көптеген кәсіпорындар жоғары ресурс сыйымдылығы және энергия сыйымдылығымен сипатталады, нәтижесінде құрал – жабдықтардың тозу деңгейі өте жоғары болуымен күшейе түседі. Кәсіпорындардың негізгі капиталының артта қалуы әсерінен, экономика толығымен, зерттеулер мен әзірлемелерге салым салуға зердесіздік болып келеді;

- сопротивления инновациям, внедрению новых проектов, которое наиболее часто происходит по двум причинам: отсутствие кадров, способных эффективно руководить инновационным процессом, причем кадровая проблема ощущается на всех уровнях управления, как страны, так и отдельных предприятий; трудности в проведении маркетинговых исследований инновационных продуктов.

Қорытынды

Елімізде венчурлық қаржыландыру дамуының негізгі мәселелері келесіде:

- шағын инновациялық кәсіпорындардың қажетті санының болмауы, сәйкесінше венчурлық инвесторлардың базалық критерийлеріне жауап беретін бизнес ұсыныстардың жеткіліксіз болуы. Аталмыш мәселенің басты себептерің бірі, КСРО құлдырауы мен нарықтық экономикаға көшуден кейін бизнес пен ғылым түйісу нүктесін таппауы. Нақты алғанда Қазақстанның ҒЗТҚЖ – ға бөлінетін шығындарының үлесі өте төмен, жалпы ішкі өнімнің 0,14 – 0,17 пайызын құрайды. ал бұл ҒЗТҚЖ мен өндіріс арасындағы алшақтықты көрсетеді, себебі нақ ҒЗТҚЖ венчурлық капиталға қажетті жобалар ағымын қамтамасы ете алады;

- венчурлық қорлар тарабынан білікті мамандардың, әсіресе уәждеменің болмауы, сонымен бірге компания менеджменті – іздестірушілерді жеткіліксіз даярлау;

- венчурлық капиталдың қазақстандық елеулі, айқын қайнар көздерінің болмауы;

- кәсіпорындар арасында бәсекенің болмауы есебінен инновацияларға сұраныстардың болмауы;

- ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелерінің коммерциялизация деңгейінің төмен болуы;

- Қазақстан Республикасы Салық Кодексінде венчурлық қызметті тікелей ынталандырудың болмауы;

- бизнес – инкубаторлардың қажетті деңгейде дамымауы және әлсіз дамуы.

Кез келген венчурлық бизнесті бастаудың алғышарты, біздің ойымызша, бизнес – инкубаторлардың дамуы болып табылады. Ал бизнес – инкубаторларды дамытудың келесі жолдарын анықтап, бекітуге болады:

- 1) Бизнес – инкубациялаудың миссиясы мен тұжырымдамасын айқындау.
- 2) Бастапқы кәсіпкерлікті қолдауда түрлі құрылымдардың өзара қатынасын үйлестіру.
- 3) Түрлі деңгейдегі дайындықтың жетіспеушілігі.
- 4) Бизнес – инкубатор қызметінің нәтижесі уралы сандық және сапалық мәліметтерді тарату және мониторинг жүргізу.
- 5) Аймақтық, ұлттық деңгейде инкубаторлар арасындағы өзара қатынасты құру және дамыту, ақпаратпен алмасу платформасын құру.
- 6) Түрлі деңгейде қаржыландыруды қалыптастырып, дамыту.
- 7) Венчурлық бизнес дамуының бағдарламалары туралы ел ішінде және шетелдерде ақпарат тарату.

Осы аталған шараларды жүзеге асыру нәтижесінде келесі нәтижелерді күтуге болады:

- 1) Бизнес – инкубаторлардың жетістікке жетуінде жергілікті атқарушы органдар, университеттер, сауда палаталары, жеке сектордың көз жеткізуі;
- 2) бизнес – инкубатор қызметін қажет ететін компанияның старт – апына бағытталуы;
- 3) бизнес – инкубатор қызметкерлерін даярлау жүйесі дамиды;
- 4) венчурлық бизнес дамуының бағдарламалары ел ішінде және шетелде белгілі болады;
- 5) ғылым коммерциялизацияланып, шағын бизнес дамуымен қатар, жоғары оқу орындары қосымша қаржы көздеріне ие болады.

Жалпы алғанда, жоғарыдағы айтылғандарды сомдай келе венчурлық қаржыландыру ұлттық экономиканың инновациялық дамуын қамтамасыз ететін нақты механизмі болып табылатынын тұжырымдауға болады.

– Венчурлық бизнестің іргелі мәселелерін шешу үшін инновацияны жүзеге асырудың жағымды жағдайлары мен инфрақұрылымын құруға бағытталған белсенді мемлекеттік саясат қажет;

– Қазақстан Республикасында жаңа техника мен технология дамуының алғышарты болып табылатын ғылыми – зерттеу және тәжірибелік – құрастырымдық жұмыстарға қажетті деңгейде назар аударылмайды, бұл бағытта қаражаттар жеткілікті көлемде бөлінбейді;

– дамыған елдерде ҒЗТҚЖ – ны қаржыландыруға бизнес субъектілері қатысады. Мысалы, Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай, Германия, АҚШ – та ҒЗТҚЖ қаржыландырудағы бизнестің үлесі барлық қаржыландырудың 60 – 70 % құрайды, яғни мемлекеттік қаржыландырудың үлесі төмен. Бұл елдерде инновациялық қызметті қаржыландырудағы бизнес субъектілерінің белсенділігі қолайлы инвестициялық климаттың қалыптасуы, үкімет тарапынан инновациялық қызметті қаржылық ынталандырудың әдістерін кеңінен қолдануы нәтижесінде дамыған, ал нәтижесінде аталған елдердің мемлекеттік бюджетіне жүктеме төмендеген. Ал біздің елімізде ҒЗТҚЖ қаржы мемлекет тарапынан бөлінуде. Сол себепті қазіргі уақытта еліміз мемлекеттік – жекеменшік серіктестігіне көңіл бөлуде. Елбасымыз анықтағандай «Жекеменшік капитал тарту үшін мемлекет – жекеменшік серіктестігінің ықтимал барлық түрі мен нысанын пайдалану қажет» [14];

– елімізде ғылыми – техникалық прогрессті дамытатын, инновациялық бизнесті негізін қалап, ізденістер жасайтын ғылыми бөлімшелер, ұжымдардың қызметі қажетті деңгейде қаржыландырылмайды, ынталандырылмайды;

– Қазақстан Республикасында инновациялық қызметті қаржыландыруда мемлекеттік – жеке серіктестіктің кейбір элементтерін енгізудің жағдайлары жасалуда, мемлекет сол себепті отандық компаниялардың кәсіпкерлік қызметі жаһандану жағдайында өзін тәуекелге буып, өз қаражаттарын жаңа ұйымдастырылған іске салуы тиіс. Біздің ойымызша, ел экономикасының инновациялық дамуында шағын бизнес қомақты үлес қосуы сөзсіз. Себебі шағын бизнес қомақты қаржыны талап етпейді, икемді болып келеді, нәтижесінде өзгермелі жағдайға сай келеді.

Сонымен, нәтижесінде инновациялық қызметті қаржыландыру ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылата қоймай, сонымен бірге ғылым жетістіктерін коммерциализациялау, экономиканы сапалы жаңа, инновациялық даму кезеңіне көтеру арқылы тұрақты экономикалық өсімге әкеледі.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам».
2. Фоломьев А. Н., Каржауов А. Т. К вопросу о концепции национальной системы венчурного инвестирования. СПб, 2013. URL: <http://www.b-nevvs.ru>.
3. Венчурное финансирование инновационных проектов. М.: АНХ, 1999. с. 8.
4. Дворжак И., Кочишова Я., Прохазка П. Венчурный капитал в странах Центральной и Восточной Европы / <http://koi.cfin.ru/investor>.
5. Руководство по финансовым технологиям ЕС; <http://docs.rcsme.ru/rus/RS/Fintechno1>. с. 1.
6. Бунчук М. Роль венчурного капитала в финансировании малого инновационного бизнеса // Технологический бизнес, 1999. № 1. с. 1; <http://www.techbusiness.ru>.
7. Фоломьев А.Н. Нойберт М. Венчурный капитал. СПб.: Наука, 1999 с. 34.
8. Управление наукой в странах ЕС. Т. 3. М.: Наука / Интерпериодика, 1999. С. 244; Гулькин П. Венчурный капитал. <http://www.ofin.ru/investor/venture-glossary>. С. 8.
9. Толковый словарь терминов венчурного финансирования. СПб.: Феникс, 2004. с. 145.
10. Щербакова Л.И. Государственное регулирование развития инновационного предпринимательства на базе венчурного капитала. М. РАГС, 2013. с. 20 – 22.
11. Официальный сайт Комитета по статистике РК www.stat.gov.kz.
12. <https://knoema.ru/atlas/topics>.
13. Официальный сайт Национального агентства по технологическому развитию natd.gov.kz.
14. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар.